

7-сынып
(барлығы 36 сағ, аптасына 1 сағ)

№	Тақырыптың атауы	Сағат саны	Мерзімі
Африка (6 сағат)			
1	Африканың физикалық-географиялық орны, материк жағалауын шайып жатқан мұхиттар мен теңіздер, Африканың зерттелуі	1	
2	Жер бедері және пайдалы қазбалары	1	
3	Климаты мен климаттық белдеулері	1	
4	Ішкі сулары	1	
5	Табиғат зоналары	1	
6	Африканың халқы және саяси картасы	1	
Аустралия және Мұхит аралдары (4 сағат)			
7	Аустралияның физикалық-географиялық орны	1	
8	Жер бедері және пайдалы қазбалары, климаты, өзендері мен көлдері, табиғат зоналары	1	
9	Халқы және аймақтың саяси картасы, Аустралия Одағы	1	
10	Мұхит аралдары	1	
Антарктика. Антарктида (2 сағат)			
11 12	Антарктика мен Антарктиданың физикалық-географиялық орны, материктің табиғаты	2	
Оңтүстік Америка (6 сағат)			
13	Оңтүстік Американың физикалық-географиялық орны, материк жағалауын шайып жатқан мұхиттар мен теңіздер, зерттелуі	1	
14	Жер бедері мен пайдалы қазбалары	1	
15	Климаты	1	
16	Өзендері мен көлдері	1	
17	Табиғат зоналары	1	
18	Халқы мен елдері	1	
Солтүстік Америка (7 сағат)			
19	Солтүстік Американың физикалық-географиялық орны, материк жағалауын шайып жатқан мұхиттар мен теңіздер, материктің зерттелуі	1	
20	Жер бедері мен пайдалы қазбалары	1	
21	Климаты	1	
22	Ішкі сулары	1	
23	Табиғат зоналары	1	
24 25	Халқы мен елдері (АҚШ, Канада және Орталық Америка елдері)	2	
Еуразия (11 сағат)			
26	Еуразия. Физикалық-географиялық орны, материк жағалауындағы мұхиттар және зерттелу тарихы	1	
27	Жер бедері мен пайдалы қазбалары	1	
28	Климаты мен климаттық белдеудері	1	
29	Ішкі сулары	1	
30	Табиғат зоналары	1	
31	Халқы иен елдері	1	
32	Солтүстік және Батыс Европа елдері	1	
33	Шығыс Европа елдері	1	
34	Оңтүстік Батыс Азия елдері	1	

35	Оңтүстік және Оңтүстік Шығыс Азия елдері	1	
36	Орталық және Шығыс Азия елдері	1	

Түсінік хат.

«Материктер мен мұхиттар географиясы»

Қазіргі кезде география пәнін оқытудың мақсаты мен міндеттері заман талабына қарай өзгеріп отыр. Бүгінгі күні оқу үрдісінде қойылып отырған талаптардың бірі – оқушылардың тек білім алып қана қоймай, сол алған білімдерін терең білім алуға шығармашылықпен пайдалана білулеріне үйрету. Жалпы білім беретін мектептердің 7-сынып оқушыларына арналған «Материктер мен мұхиттар географиясы» курсы білім алушылардың жер шарының қалыптасуы мен дамуын кешенді сипаттайтын географиялық, тарихи, табиғи және басқа да факторлар туралы білімдерін қалыптастыруға, картамен практикалық жұмыс жасауға, есептер шығаруға, жер шарының табиғатын аялауға бағытталған. «Материктер мен мұхиттар географиясы» курсы 7 сыныпқа арналған. «Физикалық география» 5 сынып. Алматы. Атамұра-2001 жыл. Ә.Бірмағанбетов. К. Мамырова. «Физикалық география» 6-сынып. Алматы. Атамұра-2011 жыл. Ә.Бірмағанбетов. К. Мамырова. «География. Материктер мен мұхиттар» 7-сынып. Алматы. Атамұра-2003 жыл. Ә. Бейсенова. С. Әбімажінова. К. Каймулдинова. «Қазақстанның экономикалық және әлеуметтік географиясы» 1-2 бөлім. Алматы. Атамұра-2005 жыл. В. В. Усиков. Т. Л. Казановская. А. А. Усикова. Г. Б. Забенова. Жалпы білім беретін мектепке арналған оқулықтарын негізге ала отырып құрастырылған Оқу жүктемесі аптасына бір сағат, жылына 36 сағат.

Курсқа жалпы сипаттама.

Еліміздің келешегі жас ұрпақты жеке тұлға ретінде дамыту мен тәрбиелеуде, олардың жалпы мәдениетін қалыптастыруда, шығармашылықпен жұмыс істеуге тәрбиелеуде, ғылыми географиялық таным негізінде дүниедегі өз орнын анықтауда, география пәні үлкен рөл атқарады. «Материктер мен мұхиттар географиясы» оқу курсының мазмұнын жаратылыстану-ғылыми жүйелер, олардың өзара әрекеттесуі, табиғат құбылыстарын зерттеудің жаратылыстану-ғылыми дүниетанымы мазмұндық желілері құрайды. Мектептің білім беру жүйесінде жас ұрпаққа жан-жақты дамыту мен тәрбиелеуде: олардың жалпы мәдениетін қалыптастыруда, тұлғаны шығармашылыққа тәрбиелеуде, өзінің табиғат пен қоғам алдындағы жауапкершілігін сезінуде, жер бетінде тіршілікті сақтауда география пәні үлкен рөл атқарады. ХХІ ғасыр-білімді шәкірттердің ғасыры. Озық ойлы шәкірттің бойына білім нәрін қазіргі талап тұрғысынан бере білу-ұстаз еңбегінің басты нәтижесі. Қай қоғамда болмасын адамзат баласының басты міндеттерінің бірі-ақылды, салалы, еңбексүйгіш тұлға тәрбиелеу. Қазіргі уақытта жас ұрпаққа сапалы білім беру, саналы тәрбие берудің тиімді жолдары сан алуан. Жер бетіндегі барша халық ұрпағының адал, ержүрек, қайырымды, ар-ұяты мол елжанды азамат болғанын қалайды. Пән бойынша оқушы білімінің сапасын арттыру арқылы өзіндік тұжырымын, көзқарасын қалыптастыру, дүниетанымын жетілдіріп, теориялық ұғымдарды практикалық тұрғыда жүйелі ұштастыру нәтижесінде іскерлік, біліктілігін арттыру. Бұл курста тарихи-географиялық аймақтар мен жеке елдерге елтану бағытында сипаттама беріледі. Оқушылар әлемдік өзгерістер мен құбылыстардың кеңістікте көрініс табуын танып біледі. Адамзат өмір сүріп отырған әлем өзара тығыз байланысты, әрі өзара тәуелді. Біз бәріміз бір планетада қатарласа тіршілік етеміз, ал бұл планетамызды бөлшектеп танып-білу өте-мөте қиын. Міне, сондықтан бұл «Материктер мен мұхиттар географиясы» курсына көбінесе оқушылар алған білімдерін практикада қолдана алуға басымдылық жасалынады.

Курстың мақсаты – «Материктер мен мұхиттар географиясы» курсы- оқушыларға географиялық білім беру, бүкіл әлемнің аумақтық ерекшеліктері туралы бастапқы нақты білім беру, бұлардың біртұтастығын түсіндіру және осының негізінде басқа шетелдермен жеке аймақтарға деген танымдық қызығушылығын тудыру, кәсіби бағдар беру. Қазақстандағы дүние жүзі географиясының ажырамас бір бөлігі ретінде бірлікте әрі салыстыра оқыту. Оқушыларды статистикалық, картографиялық деректерді, Интернет

жүйесі ақпаратын өз бетімен өңдеуге үйрету. Жалпы дүниені тұтас түрде көре білуге, басқа халықтардың тарихы мен мәдениетіне, өзіндік ерекшелігіне құрметпен қарай білуге тәрбиелеу. Теориялық алған білімдерін практикалық түрде дәлелдей білуге, ізденімпаздыққа тәрбиелеу.

Курстың міндеттері- Елдердің табиғат жағдайларымен табиғат ресурстарын шаруашылық тұрғыдан бағалауға;

-Халықтардың тарихи-этнографиялық, қоғамдық және әлеуметтік, экономикалық мәселелерді оқып үйренуді қалыптастыру;

-Оқушыларға дүниежүзі елдерінің халқын олардың салт-дәстүрлерін, дінін, мәдениетінен кеңірек оқытып үйрету;

-Дүниежүзі елдерінің географиялық жағдайы, табиғат ресурстары мен халықтар туралы, шаруашылығы және оның ғылыми-техникалық жағдайындағы даму беталыстары жайында түсінік беру;

-Түрлі тақырыптық карталармен жұмыс істей білуі;

-Сұрақтарға толық жауап беріп, тапсырмаларды ынта қоя орындауларын қадағалау;

-Курс бойынша алған білімін ғылыми зерттеушілік жұмысқа бағыттау;

-Географиялық мәдениеті мен білімін жетілдіруді қалыптастыру;

-Оқушыларды еңбекке баулу, мамандыққа бағдарлау және экономикалық тәрбие беру;

-Әдебиеттер мен қосымша көрнекіліктерді тиімді пайдалану арқылы оқушылардың жалпы қабілетін дамыту.

Өзектілігі - Дүние жүзі елдеріне қатысты өзекті мәселелерді зерттеуде оқушылардың практикалық іс-әрекет дағдыларын дамыту.

Проблема - Дүние жүзі елдеріндегі аймақтық және глобальды мәселелердің түпкілікті шешімін таппауы; экологиялық жағдайдың қауіпті құбылысқа айналуы; елдер арасында өзара интеграцияланған экономиканың толық дамымауы; елдердің географиялық тұрғыдан дамуы жөнінде толық ақпараттың тапшылығы.

Пәнаралық байланыс - Экономикалық география, биология, тарих, химия, экономика, дінтану, т.б.

Оқушылардың білуі тиіс:

1. Бірегей нысандардың атауы, олардың географиялық орналасуы, тарихы.

2. Объектілердің қалыптасу тарихы.

Оқушылар орындау мүмкіндігінің ие болуы:

1. Физикалық карта объектілерін географиялық орналасуын анықтау.

2. Табиғи объектілердің бірегейлігін түсіндіру;

3. Қосымша әдебиеттермен жұмыс;

4. Кескін карталарымен жұмыс.

Практикалық және шығармашылық іске асыру.

1. Қосымша әдебиеттерді пайдалану;

2. Кескін карта бойынша объектілерді сәйкестендіру.

Күтілетін нәтиже:

1. Масштаб, қашықтықты өлшеу. Картадан қашықтықты есептеуді үйрету, Масштабқа есептер шығару. Термин сөздермен жұмыс жасау.
2. Азимут туралы түсінік беру. Азимут градустарын табу, есептер шығару. Шартты белгілер жаттау
3. Жергілікті жерде және план бойынша бағдарлау. Термин сөздермен жұмыс. жергілікті жерде және план бойынша бағдарлау.
4. Картамен жұмыс, географиялық карта. Карталарды салыстыру жұмыстары. Карталардың жіктелуі.
5. Глобус – жердің моделі, Глобусты таныстыру, пайдалану.
6. Практикалық жұмыстар жасау.
7. Географиялық карталар, олардың жіктелуі, географиялық ендік Картамен жұмыс жасау.
8. Географиялық координата арқылы картадан табу, қашықтарды есептеу
9. Елдердің географиялық орналасуы мен аймақтарды ажырата білуі.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. «Физикалық география» 5 сынып. Алматы. Атамұра-2001 жыл. Ә.Бірмағанбетов. К. Мамырова.
2. «Физкалық география» 6-сынып. Алматы. Атамұра-2011 жыл. Ә.Бірмағанбетов. К. Мамырова.
3. ҚР энциклопедиялық анықтама. Алматы, 2001 ж.
4. Власова М. «Материктер мен мұхиттар географиясы». 1998 ж.
5. Смирнова Н.Г. «Материктер мен елдер». 1983 ж.
6. «География. Материктер мен мұхиттар» 7-сынып. Алматы. Атамұра-2003 жы. Ә. Бейсенова. С. Әбімажінова. К. Каймулдинова.
7. «Қазақстанның экономикалық және әлеуметтік географиясы» 1-2 бөлім. Алматы. Атамұра-2005 жыл. В. В. Усиков. Т. Л. Казановская. А. А. Усикова. Г. Б. Забенова.

8-сынып
(барлығы 36 сағ, аптасына 1 сағ)

№	Тақырыптың атауы	Сағат саны	Мерзімі
Герграфиялық зерттеулер (9-сағ)			
1	Кіріспе	1	
2	Тұңғыш географиялық зерттеулер	1	
3	Әбунәсір әл Фараби	1	
4	Марко Поло зерттеулері	1	
5	Христофор Колумб ашулары	1	
6	Васко да Гамма ашулары	1	
7	Фернандо Магеллан ашулары	1	
8	Джеймс Кук ашулары	1	
9	Ш.Ш.Уәлиханов зерттеулері	1	
Географиялық карталар (3-сағ)			
10	Географиялық карталардың шығу тарихы	1	
11	Алғашқы карта жасаған ғалымдар	1	
12	Махмұд Қашқаридің дөңгелек картасы	1	
Литосфера (8-сағ)			
13	Әлемнің ірі жазықтары	1	
14	Амазонка ойпаты	1	
15	Батыс Сібір жазығы	1	
16	Әлемнің биік таулары	1	
17	Әлемнің ең биік шыңдары	1	
18	Сөнбеген жанартаулар	1	
19	Сөнген жанартаулар	1	
20	Әлемнің ірі шөлдері	1	
Гидросфера (10-сағ)			
21	Мұхит ағыстары	1	
22	Мұзтаулар	1	
23	Дүниежүзінің ірі өзендері	1	
24	Сарқырамалар	1	
25	Дүниежүзінің ірі көлдері	1	
26	Теңіздер	1	
27	Шығанақтар	1	
28	Бұғаздар	1	
29	Аралдар	1	
30	Архипелагтар	1	
Биосфера (2-сағ)			
31	Ерекше қорғалатын аумақтар	1	
32	Әлемнің ірі қорықтары	1	
Әлем елдері (3-сағ)			
33	Әлемнің алып елдері	1	
34	Микромемлекеттер	1	
35	Ең көне және аралдық мемлекеттер	1	
36	Курсты қорытындылау	1	

Түсінік хат.

«География әлемінде»

Білімді, жан-жақты тәрбиелі, қабілетті жастар ұлтымыздың баға жетпес қазынасы, сондықтан оқушыларды жан-жақты қабілетті азамат етіп өсіруде бұл бағдарламаның тәлім тәрбиелік, білім-танымдық рөлі зор. Бағдарлама 36 сағат, аптасына 1 сабаққа лайықталып құрастырылған. Бұл бағдарлама оқушыларды жер табиғатының зерттелу тарихымен, түрлі табиғат кешендері: жазықтар мен таулар, өзендер мен көлдер, мұхиттар мен теңіздер, аралдар, әлем елдері т.б туралы қызықты мәліметтермен таныстыратын курс болып табылады.

Бұл курс 8 сынып оқушыларына арналған. «География. Материктер мен мұхиттар» 7-сынып. Алматы. Атамұра-2003 жыл. Ә. Бейсенова. С. Әбімажінова. К. Каймулдинова. «Материктер мен мұхиттар географиясы» 7-сынып. Астана-«Арман-ПВ» баспасы. Қ. Д. Қарпеков. Ш. Айтқынова. «Қызықты география» оқыту әдістемесі К.Мамырова «Атамұра». 2006 жыл. «Географиялық ашулар» Н.Баяндин «Мектеп» 1989 жыл. Оқулықтарын негізге ала отырып құрастырылған. Бұл курс, оқушылардың алдында жинақтаған материалдарын тереңдете оқыту арқылы алған білімдерін кеңейтіп, ойлауын, сараптама жасай білуін, өз ойын толық жеткізе білумен қатар, өмірге деген көзқарасын қалыптастырады.

Мақсаты:

«География әлемінде» курсы оқушыларға географиялық білім беру, оларды табиғат ресурстарын үнемі пайдалануға, қоршаған ортаны қорғауға, экологиялық проблемаларды шешуге, сондай-ақ алған білімдерін күнделікті өмірді қолдана білуге үйрету.

Міндеттері:

1. Оқушыларға география ғылымының тарихы адам баласының жер шарын бірте-бірте қалай ашып білуімен байланысты екендігін түсіндіру;
2. Ұлы саяхатшылар мен географтардың жаңалықтары мен қорытындыларын меңгерту;
3. Физикалық географияның зерттеу нысандары, жер және олардың қабықтарының ерекшеліктерін мазмұның меңгеру;
4. Физикалық-географиялық білімдерін, табиғат заңдылықтары туралы түсінік қалыптастыру;
5. Табиғаттың ерекше қорғалатын аумақтары мен табиғи ескерткіштерді құрметтеу

Пәнаралық байланыс.

Биология, химия, физика (картография, климатология, геология, сейсмология)

Оқушылардың білім деңгейіне қойылатын талаптар:

Оқушылар:

- географиялық білім алу көздерін;
- физикалық географияның зерттеу нысандарын;
- ірі сейсмикалық және жанартаулық белдеулерді;
- құрлықтағы ірі жер бедері пішіндерін;
- мұхит табанындағы ірі жер бедері пішіндерін;
- климат қалыптастырушы факторларды;
- жер бедерін бейнелеу тәсілдерін *атай және (немесе) көрсете алуы тиіс*;
- жер бедерінің қалыптасуына сыртқы және ішкі күштердің әсерін;
- материктердің географиялық орны мен ауданының оның табиғат жағдайына әсерін;
- материктер пішіні мен мұхиттар аумағының литосфералық тақталар қозғалысы әсерінен өзгеруін;
- адамның шаруашылық әрекеті нәтижесінде табиғат кешендерінің өзгеру деңгейін қорытынды жасай алуы тиіс;

- табиғаттың ерекше қорғалатын аумақтары мен табиғи ескерткіштерді;
- қоршаған ортаны ластау көздері мен түрлерін;
- Қазақстанның жер бедерінің қалыптасуындағы ішкі және сыртқы күштердің өзара байланысын;
- жергілікті жердің өзен аңғарларының дамуын: құлап ағуы, еңістігі мен өзен ағысының жылдамдығын;
- өзен режимінің климат пен жер бедеріне тәуелділігін;
- топырақтың алуан түрлілігі және олардың географиялық таралуын;
- ішкі және сыртқы миграцияларды, олардың негізгі себеп–салдарын;
- өндірістік және өндірістік емес өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығы салаларын сипаттай алуы тиіс:

Күтілетін нәтиже:

Табиғат заңдылықтарын ұғынуға, қажетті дүниетанымдық көзқарастары қалыптасқан, географиялық білімдерін күнделікті өмірде қолдана алатын және шығармашылықпен іс атқаратын жеке тұлға қалыптастыру.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Ю.Н.Гладкий, С.Б.Лавров. «Ғаламдық география», «Кітап баспасы». Алматы 2006 жыл.
2. «География. Материктер мен мұхиттар» 7-сынып. Алматы. Атамұра-2003 жыл. Ә. Бейсенова. С. Әбімажінова. К. Каймулдинова.
3. «Материктер мен мұхиттар географиясы» 7-сынып. Астана-«Арман-ПВ» баспасы. Қ. Д. Қарпеков. Ш. Айтқынова.
4. «Қазақстанның экономикалық және әлеуметтік географиясы» 1-2 бөлім. Алматы. Атамұра-2005 жыл. В. В. Усиков. Т. Л. Казановская. А. А. Усикова. Г. Б. Забенова.
5. «Дүние жүзінің экономикалық және әлеуметтік географиясы» 10-сынып. «Просвещение-Қазақстан» баспасы. 2004 жыл. В. П. Максаковский.
6. К. Жданова. Мир вокруг нас. Минск, 1991
7. К.С. Лазаревич. Я иду на урок географии. Москва. Первое сентября. 2000.
8. Г.Н. Элькин. География материков и океанов. Санк-Петербург «Паритет», 2001.

9-сынып
(барлығы 36 сағ, аптасына 1 сағ)

№	Тақырыптың атауы	Сағат саны	Мерзімі
Географиялық зерттеу әдістері Зерттеу және зерттеушілер (3 сағат)			
1	Қазақстан аумағының ерте кезкндегі зерттелуі	1	
2	Қазақстан аумағының орта ғасырдағы мен жаңа заманда зерттелуі	1	
Картография және географиялық деректер базасы Географиялық карталар (1 сағат)			
3	Геоақпараттық жүйелер	1	
Физикалық география Литосфера (4 сағат)			
4	Қазақстан жер бедерінің қалыптасуы	1	
5	Геологиялық жыл санау және геохронологиялық кесте	1	
6	Қазақстанның жазықтары, аласа, биік таулары	1	
7	Қазақстанның пайдалы қазбалары картасымен жұмыс	1	
Атмосфера және Жердің климаты (3 саат)			
8	Қазақстанға әсер ететін ауа массалары	1	
9	Қазақстанның жергілікті желдері	1	
10	Ылғалдану коэфициенті есептеп шығару	1	
Физикалық география Гидросфера (3 сағат)			
11	Қазақстан аумағының өзендері	1	
12	Қазақстан аумағының көлдері	1	
13	Қазақстанның мұздықтары мен жер асты сулары	1	
Биосфера (2 сағат)			
14	Қазақстанның қорықтары, ұлттық саябақтары мен қорықшалары	2	
15			
Физикалық география Қазақстанды физикалық-географиялық аудандары (4 сағат)			
16	Қазақстан аумағын физикалық-географиялық аудандандастыру	2	
17			
18	Қазақстанның физикалық-географиялық аудандандарың ерекшелігі	2	
19			
Әлеуеттік география Халық географиясы (1 сағат)			
20	Қазақстан көп ұлтты мемлекет	1	
Экономикалық география Табиғи ресурстар (4 сағат)			
21	Қазақстанның металлургиясы	1	
22	Машина жасау кешені	1	
23	Химия кешені	1	
24	Ағаш өңдеу өнеркәсібі. Құрылыс материалдар өндірісі	1	
Әлеуметтік экономикалық ресурстар (2 сағат)			
25	Адам әлеуетінің даму индексі	1	
26	Қазақстанның индустриалды-иновациялы дамуы	1	
Қазақстанның шарашылық салалары (6-сағат)			

27	Отын өнеркәсібі	1	
28	Қазақстанның кономикалық аудандары. Орталық Қазақстан	1	
29	Шығыс Қазақстан ауданнының мамандануы	1	
30	Батыс Қазақстан ауданнының мамандануы	1	
31	Солтүстік Қазақстан ауданнының мамандануы	1	
32	Оңтүстік Қазақстан ауданнының мамандануы	1	
	Дүние жүзілік шаруашылықтың даму үдерістері мен көрсеткіштері (3 сағат)		
33	Әлем шаруашылығының құрылымы	1	
34	Еңбек миграциясы	1	
35	Халықаралық туризм	1	
	Елтану және саяси география негіздері Дүние жүзі елдері (1- сағат)		
36	Халықаралық ұйымдар мен Қазақстан	1	

Түсінік хат.

«Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық географиясы»

«Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық географиясы» курсы 36 сағат. «Қазақстанның экономикалық және әлеуметтік географиясы» 1-2 бөлім. Алматы. Атамұра-2005 жыл. В. В. Усиков. Т. Л. Казановская. А. А. Усикова. Г. Б. Забенова. «Қазақстанның ызыкалық географиясы» 8-сыны. Алматы «Атамұра» баспасы. 2012 жыл. Ә. Бейсенова. Қ. К. Карпеков. «Қазақстанның экономикалық және әлеуметтік географиясы» 9-сынып. «Мектеп» баспасы. 2009-жыл. Е. Ахметов. Н. Кәрменова. Ш. Кәрібаева. Б. Асубаев. Аптасына 1 сағаттан 9 сыныпқа арнап құрастырылған. Жалпы білім беретін мектепке арналған оқулықтарын негізге ала отырып құрастырылған. Бұл бағдарлама, оқушылардың өткен сыныпта жинақтаған материалдарын қайталап, Қазақстан табиғаты мен әлеуметтік-экономикалық географсын оқып білуге арналған.

Мақсаты:

«Қазақстанның физикалық, әлеуметтік-экономикалық географиясы» курсы оқушыларға географиялық білім беру, оларды Қазақстанның табиғаты, халқы, шаруашылығын терең білуге және табиғат ресурстарын үнемдеп пайдалануға, қоршаған ортаны қорғауға, Қазақстанның экологиялық проблемаларды шешуге, сондай-ақ алған білімдерін күнделікті өмірді қолдана білуге үйретеді.

Міндеттері:

1. Қазақстанның физикалық-географиялық жағдайын зерттеу, жер бедері ерекшеліктерін мазмұның меңгеру;
2. Қазақстанның климаты, климат ерекшеліктері туралы түсінік қалыптастыру;
3. Қазақстанның ерекше қорғалатын аумақтары мен табиғи ескерткіштерді құрметтеу.
4. Қазақстан халқы мен шаруашылығының орналасуы мен даму заңдылықтарын түсіну:

Пәнаралық байланыс.

Биология, химия, физика, математика, тарих пәндерімен тығыз байланысты.

Оқушылардың білім деңгейіне қойылатын талаптар:

Оқушылар:

- Қазақстан табиғаты, халқы мен шаруашылығын зерттеу;
- ірі сейсмикалық және жанартаулық белдеулерді;
- Жер бедері пішіндерін;
- Климат қалыптастырушы факторларды;
- Жер бедерінің қалыптасуына сыртқы және ішкі күштердің әсерін;
- Қазақстанның әлемдегі орны мен экономикалық аудандарын;
- Адамның шаруашылық әрекеті нәтижесінде табиғат кешендерінің өзгеру деңгейін қорытынды жасай алуы тиіс;
- Табиғаттың ерекше қорғалатын аумақтары мен табиғи ескерткіштерді;
- Қазақстанның жер бедерінің қалыптасуындағы ішкі және сыртқы күштердің өзара байланысын;
- Өзен режимінің климат пен жер бедеріне тәуелділігін;
- Топырақтың алуан түрлілігі және олардың географиялық таралуын;
- Ішкі және сыртқы миграцияларды, олардың негізгі себеп-салдарын;
- Қазақстан Республикасының географиялық орны, көршілес елдері, табиғат жағдайы мен табиғи ресурстары сондай-ақ халқы және еңбек ресурстары, әрі олардың орналасу ерекшеліктерін;
- Республика шаруашылығының даму тарихы мен аумақтық орналасу ұстанымдары, сондай-ақ олардың салааралық және аймақтық байланыстарын;
- экономикалық аудандар географиясы мен сыртқы экономикалық байланыстарын;
- нарықтық экономика жағдайындағы экономикалық, әлеуметтік, экологиялық және геосаяси мәселерін білуі тиіс;

Күтілетін нәтиже:

Қазақстанның табиғат заңдылықтары мен әлеуметтік-экономикалық жағдайы, шаруашылығы және Қазақстанның әлем экономикасындағы орнын түсініп, қажетті дүниетанымдық көзқарастары қалыптасқан, географиялық білімдерін күнделікті өмірде қолдана алатын және шығармашылықпен іс атқаратын жеке тұлға қалыптастыру.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. «Қазақстанның экономикалық және әлеуметтік географиясы» 1-2 бөлім. Алматы. Атамұра-2005 жыл. В. В. Усиков. Т. Л. Казановская. А. А. Усикова. Г. Б. Забенова.
2. «Қазақстанның ызықалық географиясы» 8-сыны. Алматы «Атамұра» баспасы. 2012 жыл. Ә. Бейсенова. Қ. К. Карпеков.
3. «Қазақстанның экономикалық және әлеуметтік географиясы» 9-сынып. «Мектеп» баспасы. 2009-жыл. Е. Ахметов. Н. Кәрменова. Ш. Кәрібаева. Б. Асубаев.
4. Қазақстан географиясы және экология: мектепте және ЖОО-да оқыту республикалық ғылыми — әдістемелік журнал №5, 2003.
5. Суюмбаева С.Т. Қазақстанның экономикалық-әлеуметтік географиясының анықтамалық құралы. Алматы. 2010ж.
6. ҚР энциклопедиялық анықтама. Алматы, 2001 ж.
7. Е.А. Ахметов, Г.Е. Бердығұлова. Қазақстан Республикасының экономикалық және әлеуметтік географиясы. Оқу құралы, Алматы 2011. 2.
8. М. Қожахмет. Қазақстан Республикасының экономикалық және әлеуметтік географиясы. Оқу құралы, Қарағанды 2006 ж.

10-сынып
жаратылыстану-математика бағыты
(барлығы 36 сағ, аптасына 1 сағ)

№	Тақырыптың атауы	Сағат саны	Мерзімі
1	Кіріспе	1	
Дүниежүзінің жалпы сипаттамасы			
<i>1-тақырып. Тарихи-географиялық аймақтар. Дүниежүзінің саяси картасы (5 сағат)</i>			
2 3	Тарихи-географиялық аймақтар және дүниежүзінің саяси картасы	2	
4	Дүниежүзі елдерінің мемлекеттік және әкімшілік-аумақтық құрылымының формалары, тәуелсіз мемлекеттер және тәуелді аумақтар	1	
5	Қазіргі кездегі дүниежүзі елдері типтерінің көп түрлілігі	1	
6	Дүниежүзілік өркениет, геосаясат, геосаяси жағдай, саяси география ұғымдары	1	
<i>2-тақырып. Дүниежүзінің халқы (6 сағат)</i>			
7	Дүниежүзі халқының саны және ұдайы өсуі, демографиялық саясат	1	
8	Халықтың жастық-жыныстық құрамы, еңбек ресурстары	1	
9	Халықтың тығыздығы, орналасу ерекшеліктері және халықтың көші-қоны	1	
10 11	Халықтың нәсілдік, тілдік, ұлттық құрамы және дүние жүзіндегі діндер	2	
12	Елді мекендердің түрлері және урбандалу	1	
<i>3-тақырып. Табиғат ресурстары (4 сағат)</i>			
13	Қоғам мен табиғат арасындағы байланыс, табиғат ресурстарының жіктелуі	1	
14 15	Дүниежүзінің табиғат ресурстары, отын-энергетикалық, рудалы және рудасыз	2	
16	Табиғат ресурстарының басқа түрлері	1	
<i>4-тақырып. Ғылыми-техникалық революция (ҒТР) және дүниежүзілік шаруашылық (3 сағат)</i>			
17	Ғылыми-техникалық революция	1	
18 19	Дүниежүзілік шаруашылықтың салаларын орналастыру факторлары, кибернетика ғылымы	2	
Дүниежүзілік шаруашылық			
<i>5-тақырып. Дүниежүзілік шаруашылыққа жалпы шолу (3 сағат)</i>			
20 21	Дүниежүзілік шаруашылықтың қалыптасуы, дамуының негізгі кезеңдері, құрылымы, халықаралық географиялық еңбек бөлінісі, халықаралық мамандану салалары	2	
22	Экономиканы ұйымдастырудың типтері, дүниежүзілік шаруашылықтың басты орталықтары және аумақтық айырмашылықтары	1	
<i>6-тақырып. Дүниежүзілік өнеркәсіп (4 сағат)</i>			
23 24	Өнеркәсіпті орналастырудың заңдылықтары және факторлары, отын-энергетика кешені	2	
25	Дүниежүзінің металлургиясы	1	
26	Дүниежүзінің машина жасау өнеркәсібі	1	
27	Өңдеуші өнеркәсіптің салалары	1	
<i>7-тақырып. Ауыл шаруашылық географиясы (3 сағат)</i>			
28	Ауыл шаруашылығының жалпы сипаты	1	
29	Өсімдік шаруашылығының географиясы	1	
30	Мал және балық аулау шаруашылығы	1	

<i>8-тақырып. Көлік географиясы (2 сағат)</i>			
31	Дүниежүзінің көлік географиясы	1	
32	Жаңа телекоммуникациялық жүйелер	1	
<i>9-тақырып. Халықаралық экономикалық байланыстар (3 сағат)</i>			
33	Халықаралық экономикалық байланыстардың түрлері, сыртқы сауда	1	
34	Халықаралық қаржы-қаражат жүйесі, халықаралық банктер	1	
35	Халықаралық туризм, экономикалық ынтымақтастық, экономикалық ықпалдастық	1	
36	Курсты қорытындылау	1	

**«Дүние жүзінің әлеуметтік-экономикалық географиясы» курсының
бағдарламасы
10 сынып жаратылыстану-математика бағыты
барлығы 36 сағат, аптасына 1 сағат.**

Түсінік хат

10 сыныптың география пәнінің базалық жаңартылған білім мазмұнындағы оқулығына қосымша болып табылып, оқушылардың білімін тереңдете түседі. Қолданбалы курс «География» Алматы-«Мектеп» 2010-жыл. «Жаратылыстану-математика» бағытындағы 10-сынып оқулығы. Ә. Бәйсенова. К. Каймулдинова. «География» Алматы-«Мектеп» 2013-жыл. «Жаратылыстану-математика» бағытындағы 11-сынып оқулығы. Ә. Бәйсенова. К. Каймулдинова. «Дүние жүзінің экономикалық және әлеуметтік географиясы» 10-сынып. «Просвещение- Қазақстан» баспасы. 2004 жыл. В. П. Максаковский. Жалпы білім беретін мектеп оқулықтарын пайдалана отырып жасалған. Бұл курс, дүниежүзілік шаруашылыққа жалпы сипаттама, дүниежүзі елдеріне аймақтық шолу, адамзаттың ғаламдық проблемалары туралы білімдерін молайтуға, ой- әрістерін дамытып, кеңейтуге, практикалық жұмыстар арқылы өздігінен іздену дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Сонымен бірге, бағдар алды оқытуға бейімдейді, пәнге қызығушылығын арттырады, болашақ мамандығына бағыт береді.

Курстың мақсаты:

- қазіргі әлемдегі аймақтар мен елдерді оқу барысында оқушылардың дүниежүзі шаруашылығы, геосаяси жағдайы туралы жан-жақты оқушыларға географиялық білім беру,
- дүние жүзінің шаруашылық жүйесін, халықаралық байланыстар және халықаралық экономикалық ынтымақтастық туралы оқып-білу барысында оқушылардың білімін одан әрі тереңдету;
- оқушылардың бейінді-кәсіптік бағдарларын дамыту;
- болашақ мамандықты саналы түрде таңдауға ықпал жасау;

Міндеттері:

- оқушылардың ізденімпаздық қасиеттерін қалыптастыру, шығармашылыққа жетелеу; - теориялық алған білімдерін практикалық түрде дәлелдей білуге, ізденімпаздыққа тәрбиелеу;
 - оқушылардың танымдық және интеллектуалдық дағдыларын қалыптастыру, пәнге қызығушылықты арттыру
- географиялық карта, атластармен жұмыс жасай білуге, географиялық әдебиеттерден қажетті мәліметтерді жинай білуге дағдыландыру;

Күтілетін нәтиже:

Әлем елдері мен аймақтардың шаруашылығы мен әлемнің геосаяси жағдайына жалпы сипаттама бере алады.

Дүниежүзі елдерінің географиялық жағдайы, табиғат ресурстары мен шаруашылығы және оның ғылыми-техникалық жағдайындағы даму беталыстары жайында түсінік бере алады.

Пәнаралық байланыс:

Тарих, экономика, экология, биология.

Ұйымдастыру формалары: дәріс, семинар, конференция, оқушылардың

Оқушылардың білімі мен іскерліктеріне қойылатын талаптар:

Курс бойынша, базалық курста берілмеген білім көздерімен жұмыс істей білу;

дүниежүзілік шаруашылықтың негізгі орталықтарын және геосаясатын, халықаралық экономикалық байланыстың түрлерін;

дүниежүзінің тарихи-географиялық аудандарын;

-ҒТР ұғымы (негізгі белгілерін, құрамдас бөліктерін, техника мен технологияның даму жолдарын, шаруашылық дамуының негізгі бағыттарын және ҒТР жағдайында шаруашылықтың салаларын орналастыру факторларын);
Табиғи байлықтарды жіктеп, тиімді пайдалану жолдарын ашып айта алуы;

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. «География» Алматы-«Мектеп» 2010-жыл. «Жаратылыстану-математика» бағытындағы 10-сынып оқулығы. Ә. Бәйсенова. К. Каймулдинова.
2. «География» Алматы-«Мектеп» 2013-жыл. «Жаратылыстану-математика» бағытындағы 11-сынып оқулығы. Ә. Бәйсенова. К. Каймулдинова.
3. «Дүние жүзінің экономикалық және әлеуметтік географиясы» 10-сынып. «Просвещения- Қазақстан» баспасы. 2004 жыл. В. П. Максаковский.
4. Липец Ю.Г., Пуляркин В.А., Шлихтер С. Б. География мирового хозяйства. Учебное пособие для студентов. - М.: Гуманит. Изд. Центр ВЛАДОС, 1999
5. Любимов И.М. Общая политическая, экономическая и социальная география. / Под ред. Л.П. Куракова. - М.: Гелиос АРВ, 2001 - 336 с.
6. Максаковский В.П. Историческая география мира: учебное пособие для ВУЗов. - М.: Экопрос, 1999
7. Фурсина Г.А., Калиаскарова З.К. Экономическая, социальная и политическая география мира. Уч. пособие. - А.: Қазақ университеті, 2003

11-сынып
жаратылыстану-математика бағыты
(барлығы 36 сағ, аптасына 1 сағ)

№	Тақырыптың атауы	Сағат саны	Мерзімі
1	Кіріспе	1	
Азия елдері			
<i>1-тақырып. Шетелдік Азия елдеріне жалпы шолу (1 сағат)</i>			
2	Азияның саяси картасы және аймақтары	1	
<i>2-тақырып. Азияның жоғары дамыған елдері (2 сағат)</i>			
3	Жапония	1	
4	Шаруашылығы	1	
<i>3-тақырып. Азияның жетекші дамушы елдері (6 сағат)</i>			
5	Қытай	1	
6	Шаруашылығы	1	
7	Үндістан	1	
8	Шаруашылығы	1	
9	Түркия	1	
10	Шаруашылығы	1	
<i>4-тақырып. Азиядағы жаңа индустриялы елдер (2 сағат)</i>			
11	Корея Республикасы	1	
12	Сингапур, Малайзия, Таиланд	1	
<i>5-тақырып. Мұнай экспорттаушы елдер (1 сағат)</i>			
13	Сауд Арабиясы, Катар, Кувейт, БАӘ, Оман, Бахрейн, Иран, Ирак – елдеріне жалпы шолу	1	
Шетелдік Еуропа елдері			
<i>6-тақырып. Шетелдік Еуропа елдеріне жалпы шолу (1 сағат)</i>			
14	Еуропаның саяси картасы	1	
<i>7-тақырып. Еуропаның жоғары дамыған елдері (8 сағат)</i>			
15	Германия Федеративтік Республикасы	1	
16	Шаруашылығы	1	
17	Ұлыбритания	1	
18	Шаруашылығы	1	
19	Франция	1	
20	Шаруашылығы	1	
21	Италия	1	
22	Шаруашылығы	1	
<i>8-тақырып. Батыс Еуропаның шағын капиталистік елдері (3 сағат)</i>			
23	Солтүстік Еуропа елдері	1	
24	Орта Еуропа елдері, Нидерланд	1	
25	Оңтүстік Еуропа елдері, Испания	1	
<i>9-тақырып. Шығыс Еуропа елдері (2 сағат)</i>			
26	Геосаяси жағдайы, экономикалық-географиялық жағдайы, халқы, демографиялық жағдайы, табиғат жағдайлары мен ресурстары, халқы	1	
27	Чехия Республикасы	1	
Америка елдері			
<i>10-тақырып. Американың жоғары дамыған елдері (4 сағат)</i>			
28	Америка Құрама Штаттары	1	
29	Халқы мен шаруашылығы	1	

30	Канада	1	
31	Шаруашылығы	1	
<i>11-тақырып. Латын Америкасының дамушы елдері (2 сағат)</i>			
32	Құрамы, геосаяси жағдайы, саяси картасының қалыптасу кезеңдері, отарлау иеліктері, мемлекеттік құрылымы, елдердің топтары	1	
33	Бразилия	1	
Африканың дамушы елдері			
<i>12-тақырып. Африканың дамушы елдері (2 сағат)</i>			
34	Құрамы, қазіргі замандағы геосаяси жағдайы, саяси картасының қалыптасу кезеңдері, отарлық иеліктері, мемлекеттік құрылымы, елдердің топтары және аймақтары	1	
35	Халқы мен шаруашылығы	1	
Аустралия			
<i>13-тақырып. Аустралия Одағы (1 сағат)</i>			
36	Геосаяси жағдайы, экономикалық-географиялық жағдайы, табиғат жағдайлары және ресурстары, халқы, шаруашылығының жалпы сипаты, өнеркәсібі, ауыл шаруашылығы, көлік жүйесі, ішкі айырмашылықтары, сыртқы байланыстары	1	

«Әлемдік география» курсының бағдарламасы
11 сынып жаратылыстану- математика бағыты
барлығы 36 сағат, аптасына 1 сағат.

Түсінік хат

Бүгінгі күні білім беру саласы «Қазақстан-2050» ұзақ мерзімді Стратегиясының маңызды басым бағыттарының бірі болып танылды. Бұл мәселені жүзеге асыруда білім беру жүйесін жетілдіруде оқушылардың Қазақстан және дүние жүзі елдерінің арасында әлеуметтік, саяси, экономикалық және мәдени қарым-қатынастар жөнінде білім негіздерін қалыптастыратын география пәнінің маңызы артады.

Қолданбалы курс бағдарламасы 2015-2016 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беретін ұйымдарында ғылым негіздерін оқытудың ерекшеліктері туралы. Әдістемелік нұсқау хатын басшылыққа ала отырып, оқушылардың жас ерекшеліктерін ескеріп, мемлекеттік стандартқа сай құрастырылды. Курс бағдарламасы 36 сағат, аптасына 1 сағатқа негізделіп жасалған. Қолданбалы курс «География» Алматы-«Мектеп» 2010-жыл. «Жаратылыстану-математика» бағытындағы 10-сынып оқулығы. Ә. Бәйсенова. К. Каймулдинова. «География» Алматы-«Мектеп» 2013-жыл. «Жаратылыстану-математика» бағытындағы 11-сынып оқулығы. Ә. Бәйсенова. К. Каймулдинова. «Дүние жүзінің экономикалық және әлеуметтік географиясы» 10-сынып. «Просвещение- Қазақстан» баспасы. 2004 жыл. В. П. Максаковский. Жалпы білім беретін мектеп оқулықтарын пайдалана отырып жасалған.

11 сыныптың география оқулығына қосымша болып табылып, оқушылардың білімін тереңдете түседі. Қолданбалы курс қосымша әдебиеттерді пайдалана отырып, дүниежүзілік шаруашылыққа жалпы сипаттама, дүниежүзі елдеріне аймақтық шолу, адамзаттың ғаламдық проблемалары туралы білімдерін молайтуға, ой- әрістерін дамытып, кеңейтуге, пәндік олимпиадаларға дайындалуға, практикалық жұмыстар арқылы өздігінен іздену дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Сонымен бірге, бағдар алды оқытуға бейімдейді, пәнге қызығушылығын арттырады, болашақ мамандығына бағыт береді.

Курстың мақсаты:

- қазіргі әлемдегі аймақтар мен елдерді оқу барысында оқушылардың экономикалық - географиялық, саяси-географиялық, дүниежүзілік шаруашылық туралы жан-жақты оқушыларға географиялық білім беру,
- бүкіл әлемнің аумақтық ерекшеліктері туралы бастапқы нақты білім беру, олардың біртұтастығын түсіндіру;
- дүние жүзінің халықтарын, дүние жүзінің шаруашылық жүйесін, халықаралық байланыстар және халықаралық экономикалық ынтымақтастық туралы оқып-білу барысында оқушылардың білімін одан әрі тереңдету;
- Карталармен, сызбанұсқалармен, графиктермен, диаграммалармен, кестелермен, ғаламтормен, білім берудің цифрлық ресурстарымен жұмыс істеу;
- оқушылардың бейінді-кәсіптік бағдарларын дамыту;
- болашақ мамандықты саналы түрде таңдауға ықпал жасау;

Міндеттері:

- алдыңғы сыныптарда оқылған жалпы географиялық заңдылықтар туралы білім, ұғымдар мен идеялардың негізінде ғаламшар табиғатының біртұтастығы туралы білім және көзқарасты одан әрі дамыту;
- оқушылардың ізденімпаздық қасиеттерін қалыптастыру, шығармашылыққа жетелеу; - теориялық алған білімдерін практикалық түрде дәлелдей білуге, ізденімпаздыққа тәрбиелеу;
- оқушылардың танымдық және интеллектуалдық дағдыларын қалыптастыру, пәнге қызығушылықты арттыру;

географиялық карта, атластармен жұмыс жасай білуге, географиялық әдебиеттерден қажетті мәліметтерді жинай білуге дағдыландыру;

Күтілетін нәтиже:

Әлем елдері мен аймақтардың шаруашылығына жалпы сипаттама бере алады.

Дүниежүзі елдерінің географиялық жағдайы, табиғат ресурстары мен халықтар туралы, шаруашылығы және оның ғылыми-техникалық жағдайындағы даму беталыстары жайында түсінік бере алады.

өздігінен ізденуге, кесте толтыру, ғылыми рефераттар жазу, түрлі хабарламалар дайындап мәліметтерді жинастыру, ақпаратпен, картамен жұмыс және де түрлі презентациялар (слайд) дайындап жұмыстар жасайды.

Мамандыққа бағдарлау: география, тарих, әдебиет, химия және биология, математика, экономика, т.б.

Пәнаралық байланыс: тарих, өнер, экономика, экология, сызу, биология, физика.

Ұйымдастыру формалары: дәріс, семинар, конференция, оқушылардың шығармашылық жұмыстары, реферат, ғылыми жоба.

Қолданатын құрал-жабдықтар:

Дүние жүзінің саяси картасы, Дүние жүзінің физикалық картасы, атластар, кескін карталар, дидактикалық материалдар, электрондық оқулықтар, компьютер (слайдтар), кестелер мен үлестірімелер

Оқушылардың білімі мен іскерліктеріне қойылатын талаптар:

курс бойынша, базалық курста берілмеген білім көздерімен жұмыс істей білу;

дүниежүзілік шаруашылықтың негізгі орталықтарын және аумақтық айырмашылықтарын, халықаралық экономикалық байланыстың түрлерін;

дүниежүзінің негізгі ауыл шаруашылық аудандарын;

шаруашылықтың салаларын орналастыру факторларын);

- көліктің негізгі түрлерін және дүниежүзілік қатынас жолдарын;

халықаралық экономикалық байланыстардың түрлерін;

табиғи байлықтарды жіктеп, тиімді пайдалану жолдарын ашып айта алуы;

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. «География» Алматы-«Мектеп» 2010-жыл. «Жаратылыстану-математика» бағытындағы 10-сынып оқулығы. Ә. Бәйсенова. К. Каймулдинова.
2. «География» Алматы-«Мектеп» 2013-жыл. «Жаратылыстану-математика» бағытындағы 11-сынып оқулығы. Ә. Бәйсенова. К. Каймулдинова.
3. «Дүние жүзінің экономикалық және әлеуметтік географиясы» 10-сынып. «Просвещение- Қазақстан» баспасы. 2004 жыл. В. П. Максаковский.
4. Ә. Бейсенова., К. Каймулдинова., Қ. Баймырзаев., Ж. Достай. География Дүние жүзіне жалпы шолу. ТМД елдері жалпы білім беретін мектептің жаратылыстану – математика бағытындағы 10- сыныбына арналған оқулық. Алматы «Мектеп» 2014
5. Вольский В.В. Социально-экономическая география зарубежного мира. М.: КРОН-ПРЕСС, 1998
- 6 Лаврован С.Б., Каледина Н.В. Экономическая, социальная и политическая география мира. Регионы и страны. М: Гардарики, 2002
7. Липец Ю.Г., Пуляркин В.А., Шлихтер С. Б. География мирового хозяйства. Учебное пособие для студентов. - М.: Гуманит. Изд. Центр ВЛАДОС, 1999
8. Любимов И.М. Общая политическая, экономическая и социальная география. / Под ред.Л.П. Куракова. - М.: Гелиос АРВ, 2001 - 336 с.
9. Максаковский В.П. Историческая география мира: учебное пособие для ВУЗов. - М.: Экопрос, 1999

